

Ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен дарынды жас ғалымдарға мемлекеттік стипендиялар төлеу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ғылым министрі - Ғылым академиясы 1997 жылғы 26 мамырдағы N 118 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 тамызда тіркелді. Тіркеу N 354. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 477 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.10.15 № 477 бұйрығымен.

1. Бұл Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 ж. 09.12 N 1501 қаулысымен бекітілген мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы Ережені орындау үшін шығарылды (ҚР ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 50, 488-бап).

2. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар мөлшері және оны алу үшін конкурс өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің "ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандар және дарынды жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" 1996 ж. 28.08. N 1063 қаулысында белгіленген (ҚР ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 338-бап).

3. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар стипендиаттарға белгіленген мерзімдерде карт-есепшотына немесе дербес есепшотына аудару жолымен т ө л е н е д і .

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

4. Мемлекеттік ғылыми стипендияны төлеудің бірінші жылы өткеннен кейін мемлекеттік ғылыми стипендияларға кандидатураны ұсынған ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңес стипендиаттың өткен жылғы жүргізген жұмыстары туралы есебін тындайды және төлеу мерзімін ұзарту немесе оны төлеуді мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынымдарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жібереді.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 632 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

5. Ғалыми (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңестер мемлекеттік ғылыми стипендияны ұзарту болмаса оны төлеуді мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынымдарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жыл сайын стипендиатқа стипендия төлене басталған айдың 15-іне дейін тапсырады.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

6. Ғалыми (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңес стипендиат жөнінде оң шешім қабылдағанда кеңес мәжілісі хаттамасының көшірмесі негізінде оған мемлекеттік ғылыми стипендия төлеу мерзімі өздігінен келесі жылға ұзартылады . Стипендиат туралы кеңес теріс ұсыным қабылдаған жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің тоқтату жөнінде бұйрығы шығарылады .

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

7. Жылма-жылғы жұмысы туралы есебі нәтижесінде мемлекеттік ғылыми стипендия алу құқығынан айырылған стипендиаттар оны тағайындалғанынан тиісінше он үшінші айдан бастап алмайтын болады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

8. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды төлеуге қаражат аударуды тоқтату үшін басқа да себептер туындаған жағдайда (жұмыстан шығарылғанда, қайтыс болғанда және т.б.) мекеменің (ұйымның) басшысы екі апта мерзім ішінде бұл туралы жазбаша түрде стипендияны төлеуді тоқтататынын Білім және ғылым министрлігіне хабарлауға міндетті.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

9. Егер жұмыс орны өзгеріп ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет бейіні сақталса, стипендиат екі апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне қазіргі қызмет істейтін орнының анықтамасын қосып жазбаша хабарлайды .

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

10. Кандидатураларын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшелері ұсынған дарынды жас ғалымдар өздерінің істеген жұмыстары туралы негізгі қызмет орнындағы ғалыми (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңес алдында оны ұсынған академиктің қатысуымен есеп береді .

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен , 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 632 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

11. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды стипендиаттарға төлеуге қаражат аударуды стипендиаттың есебінің нәтижесі бойынша ғылыми (ғылыми,

ғылыми-техникалық) кеңестің ұсынымдарын мекемелердің (ұйымдардың)
ұсыныстарынан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым
министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 312 бұйрығымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК